



Аты-жөні:

ИБРАГИМОВА ГҮЛБАХАРАМ
ИБРАГИМОВНА

Лауазымы және жұмыс орны:

Қазақстан Республикасы,

Қарағанды обласы,

Жезқазған қаласы,

№21 жалпы орта білім беретін мектебі

КММ,


әлеуметтік педагог

ТҮСІНІКТЕМЕ

Оқушылардың бойына ұлтымызға тән адамгершілік пен ізгілік қасиеттерді, үлкендерді сыйлау, ата-баба дәстүрлерін дәріптеу мақсатын көздеген аталмыш сабақ «Өзін-өзі тану» сабағын, сынып сағаттарын өткізуде үлкен көмекші құрал болып келеді. Аталған әдістемелік көмекші құралда автор салт- дәстүрлерді таныстыра отырып, оларды дәріптеуді қарастырған, салт-дәстүрлерді таныстыру арқылы оларды мазмұнды әрі түсінікті түрде жеткізе білуді көздеген.. Жұмыстың ерекшелігі мен ұтымдылығы материл салт-дәстүрдің анықтамасы мен суреттер арқылы түсінікті түрде беріліп отыр.Өзін-өзі тану курсы, сынып сағаттары бағытында жұмыс істейтін пән оқытушылары, сынып жетекшілер, сонымен қатар оқушылардың қабылдауына және түсінуіне қолайлы жасалған. Әдістемелік ұсыныстарда көрсетілген салт-дәстүрлер нақты кезең-кезеңдерімен берілген.

АННОТАЦИЯ

Знание истории своего народа, языка, устного-народного творчества, традиции и обычаев, самобытности является важным аспектом воспитания подрастающего поколения. Есть такое выражение «Не зная прошлого, нельзя построить будущее». Задача педагогов помочь детям больше пополнять знания и интерес к данным вопросам. В работе отражены в краткой форме определения обычаев и традиции казахского народа и к ним приложены иллюстрации, которые помогут классным руководителям, педагогам в проведении классных часов в доступной форме.

The background features a soft-focus field of daisies in shades of pink, orange, and yellow. Interspersed among the flowers are several small raspberries on their green stems with serrated leaves. The entire scene is framed by ornate, stylized floral corner decorations in green and light blue.

"Халқын сүйген-
салтын сүйер"



Мақсаты:



- Оқушылардың бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлтымыздың дәстүрлерінен үлгі алу.
- Ұлтымыздың ізгі адамгершілік қасиеттерінің халықтың салт-дәстүрімен сабақтастығын түсіндіру.
- Оқушыларды ұлттық салт-дәстүр үлгісінде тәрбиелеу



*Ассалаумағалейкум, халқым менің,
Ардақты дәстүріңді, салтыңды елім.
Мереке басы болсын берекенің
Игі еңбектің жемісін бәрің жегін*





*Жиналыптыз сәтті күні бәрімізде,
Үлкен,кіші,жасымыз кәрімізде.
Төрлетіңіз,қадірменді қонақтар,
Гүл-гүл жайнап мына біздің төрімізге.*





*Сәлем, анам, алтын күн,
Сәлем қарты халқымның,
Уақытыма риза боп,
Бақытыма шалқыдым.
Бай тұлғалы өңірде
Айтылады жырымыз.*





Отау көтеру дәстүрі

- Қыз көші
- Бет ашар
- Шаңырақ көтеру

Тәрбие дәстүрі

- Бесікке салу
- Алтыбақан

Отбасы, тұрмыс дәстүрі

- Дастарханға бата
- Бәйге
- Отпен аластау

Еңбек дәстүрі

- Аңшылық

Ислам тағлымы

- Құрбан шалу

Қазақ ғұрыптары

- Дұға оқу



Тәрбие дәстүрі

Салт-әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс – тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптар, тұғырының негізі.



Бұзылмаған салтымыз,
Кең даланың ежелгі
Қазақ деген халқымыз
Бар дәстүр мен салтымыз.



*Ата-бабам ардақты,
Жамандыққа бармапты.
Ардақ тұтып үлкенді
Ата жолын жалғапты.*




*Туғаннан соң адам боп,
Білімсізден жаман жоқ.
Ел дәстүрін білмесең,
Жұрт айтады надан деп*




Шілдеха

жаңа туған нәрестенің құрметіне
жасалатын ойын-сауық, той.



Кіндік кесер (салт)

Нәресте туған сәтте оның кіндігін кесетін әйелдер (кіндік шешесі) дайын тұрады. Кіндік кесу – мәртебелі, абыройлы іс.



Бесікке салу (салт)

Жаңа туған баланы бесікке салу. Бесік қасиетті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі.



ҚЫРҚЫНАН ШЫҒАРУ (САЛТ)

БАЛАНЫҢ ТУҒАНЫНА ҚЫРЫҚ КҮН ТОЛҒАҢ СОҢ,
ОНЫ ЫДЫСҚА ҚЫРЫҚ ҚАСЫҚ СУ ҚҰЙЫП
ШОМЫЛДЫРАДЫ. ОЛ СӘБИДІҢ ЖАН-
ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСЫП ДЕНІ САУ БОЛЫП
ӨСУІНЕДЕГЕН АҚ ТІЛЕКПЕН ШЫҚҚАН.





Тұсау кесер (салт)

Сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп
кетсін деген тілекпен жасалатын





ҒҰРЫП

ҚАЗАҚТЫҢ ӨМІР САЛТЫ, ӨРЕН САЛТЫ Т.Б.
ҚОЛДАНУ МЕН ДӘРІПТЕУ ДІ ҒҰРЫП ДЕЙМІЗ.

Ат қою

Қазақ халқы жаңа туған сәбиге жақсы есімдер мен әйгілі адамдардың атын қойған. Сонымен бірге бала есімін беделді кісілерге қойғызып батасын алған.



АЙДАР

БАЛАЛАРДЫҢ ТӨБЕ ШАШЫН ҰЗАРТЫП
ӨСІРІП, МОНШАҚ АРАЛАСТЫРЫП
ӨСІРІП ҚОЯДЫ. БҰЛ ҒҰРЫП ЕР БАЛАҒА
ЖАСАЛАДЫ. СӘБИЛЕРГЕ ШАШ
ОРНЫНА КЕКІЛ, ТҰЛЫМ ДА
ҚОЙЫЛАДЫ.



Кекіл

Жас балалардың шашын ұстарамен алып тастайды да маңдайына бір шөкім шаш қалдырып, оның жиегін тегістеп қиып қояды. Оны «кекіл» дейді.





Тыштырма

Жеті ата

*Қазақтың
дәстүрлері*

Базарлық

Асату

Тілашар

Байғазы




Тыштырма


Сәбиді бесікке салар кезде бесіктің түбегі тұратын тесіктен құрт, ірімшік, тәттілер өткізіп «тыштыма, тыштыма» деп ырым жасайды және оны «тыштыма» деп атайды. Тыштырманы әйелдер ырым етіп бөлісіп, бала-шағаларына үлестіріп береді.



Базарлық – алыс сапарға шыққан адамдардың жақындарына (жерлес, көрші-көлем, жас балаларға, сыйлас адамдарына) әкелген сыйлығы.



Байғазы – балалардың,
жастардың жаңа киімі үшін
берілетін ақшалай, заттай сый.



ТІЛАШАР

БАЛАСЫ 6 ЖАСҚА ТОЛҒАН СОҢ БАЛАҒА
ЖАҢА КИІМ КИГІЗІП, ОҚУ
ЖАБДЫҚТАРЫН ДАЙЫНДАП, ШАҒЫН
ТОЙ ӨТКІЗЕДІ. МҰНЫ «ТІЛАШАР» ТОЙЫ
ДЕП АТАЙДЫ.


ЖЕТІ АТА
ХАЛҚЫМЫЗ КЕЙІНГІ ҰРПАҚҚА ЖЕТІ
АТАСЫН БІЛУДІ МІНДЕТТЕГЕН. ОЛАЙ
БОЛСА ЖЕТІ АТА: БАЛА, ӘКЕ, АТА,
АРҒЫ АТА, БАБА, ТҮП АТА, ТЕК АТА.



АСАТУ
ЕТ ЖЕЛІНІП БОЛҒАН СОҢ ТӨРДЕ
ОТЫРҒАН АҚСАҚАЛ ТАБАҚТА ҚАЛҒАН
ЕТТІ ЖАС БАЛАЛАР МЕН ЖІГІТТЕРГЕ
АСАТАДЫ.



*Малдар төлдеп, қой қоздап
Сүттен бұлақ ағызған.
Жаңа жылдың сипаты
Молшылыққа аңыз боп
Басталыпты Наурыздан!*



*Қыс өтіп, қар кетіп,
Шырайлы жаз жетіп.
Шаруаның кенелген
Мейрамы ежелден
Құтты болсын Наурыз!*



*Жаңарғаны сананың,
Ұмытады мұны кім
Ата салтын бабамның,
Алып келді, Ұлыс күн!*



**Салт-дәстүрмен жараса,
Қайта құрып жаңаша
Жараса өнер көрсетіп,
Той тойлайық тамаша!**





*Ата-салтым-асыл мұрам ардағым,
Бабалардың жалғастырар арманын.
Сан ғасырда қалпын бұзбас қадірім
Өткенімді бүгінгіменен жалғадым.*




*Қазағымның салт-дәстүрі жаңғырған,
Тәлімді ой сынағы, тәрбие көзі қалдырған.*

*Сал-дәстүрді ардақтайық ағайын
Қазақ атты үлкен-кіші балдырған.*





*Бір ата, бір ананың түлегіміз,
Бір болсын қайда жүрсек тілегіміз.
Бірлік барда, тірлік бар деген бабам,
Бірлік деп бірге соқсын жүрегіміз.*



Ұсынылатын әдебиеттер

1. Педагогика және психология . Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2002
2. Артықбаев Ж. О. «Жеті жарғы». Оқу құралы, Алматы, 2006
3. Ахмет С. Қазақтың ата заңдары. Қазақ дәстүрлік құқықтарының түп-төркіні // Алматы 1995
4. Кемелбеков Қ.Б. Қазақтың әдептік- құқықтық мәдениеті және оның тарихи қалыптасу кезеңдері.-Алматы, 2002
5. Педагогика. Дәріс курсы. Алматы, 2003.
6. Узакбаева С.А., Айтпаева А.К. Казахские народные игры. Уч.пособие.-Алматы, 2000
7. Қазақтың салт – дәстүрлері, Алматы
8. Үй-тұрмыс энциклопедиясы “Шаңырақ” Алматы, 1989 ж
9. Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика – журнал, 2010 ж № 1, 2, 3